

ФИЛОЛОГИЯ

ӘОЖ 82-3; МҒТАР 17.82.30

<https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.229>С.Қ. СЫЗДЫҚОВ¹, Б.Т. ТЛЕУБЕКОВА², А.Д. ИБРАЕВА³¹PhD, аға оқытушы, Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: sake.sakebaev@mail.ru²филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті (Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: biko.1972@mail.ru³филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., Абай ат. Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: ibraevaazat@mail.ru**ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ПРОЗАНЫҢ КӨРІНІСІ:
Б. САРЫБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ**

Аңдатпа. Бұл мақалада тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының даму бағыттары Бейбіт Сарыбайдың «Рауғаш ерте гүлдейді», «Мейірім», «Өліара» атты әңгімелері негізінде талданады. Жазушы шығармаларында көрініс тапқан рухани құндылықтар, адам болмысының терең психологиялық иірімдері, қоғам мен жеке тұлға арасындағы байланыс көркемдік тұрғыда қарастырылады. Автор өз туындыларында тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ қоғамының әлеуметтік, моральдық, философиялық мәселелерін шебер жеткізе отырып, ұлттық дүниетаным мен заман рухын көркем бейнелер арқылы ашады. Жазушының мақаламызда қарастырылатын басты кейіпкер – Рауғаш, жазушының шығармашылығында жиі кездесетін нәзік, терең ойлы, өмірге құштар, рухани ізденісте жүрген тұлға. Рауғаштың ішінде жүріп жатқан күрес, бір жағынан, адамның өз өміріне деген үмітін сақтап қалу мен екінші жағынан, сыртқы ортадан келетін кедергілерге қарсы тұруға деген ұмтылысы айқын көрсетіледі. Ал, «Мейірім» әңгімесіндегі Ұлан бейнесі – экзистенциалдық сипатқа ие кейіпкер. Қаламгер Ұланның бейнесі арқылы жазушы қазіргі қоғамда сиреп бара жатқан рухани тазалық, мейірім мен кешірім секілді адамгершілік құндылықтарды көтереді. Ол айналасындағы адамдардың бейнесін ғана емес, олардың ішкі жан дүниесін, күйзелісі мен сағынышын, жоғалтқан жылуын сурет арқылы жеткізуге тырысады. Бұл оның рухани дүниесінің тазалығын, өнерге деген адалдығын аңғартады. Сондай-ақ қаламгердің «Өліара» әңгімесіндегі Алматының қоршаған ортасы – ата-анасының үміті, мұғалімдердің қысымы, қоғамның табысты болуға мәжбүрлеуі – ҰБТ-ны тек білім сынағы ғана емес, өмір мен болашақтың жалғыз жолы ретінде көруге итермелейді. Бұл – социокультурлік деталь ретінде көрінеді. Жазушы осы арқылы қазіргі қоғамда баланың жеке тұлға ретінде емес, нәтижеге жетуші құрал ретінде қабылданып отырғанын меңзейді. Мақалада кейіпкерлер жүйесі, ішкі

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Сыздықов С.Қ., Тлеубекова Б.Т., Ибраева А.Д. Тәуелсіздік кезеңіндегі прозаның көрінісі: Б. Сарыбай шығармаларының көркемдік сипаты // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №3 (137). – Б. 7–16. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.229>

***Cite us correctly:**

Syzdyqov S.Q., Tleubekova B.T., Ibraeva A.D. Tauelsizdik kezenindegi prozanyn korinisi: B. Sarybai shygarmalarynyn korkemdik sipaty [The Manifestation of Prose in the Independence Period: The Artistic Features of B. Sarybai's Works] // *Iasauy universitetinin habarshysy*. – 2025. – №3 (137). – B. 7–16. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.229>

Мақаланың редакцияға түскен күні 08.01.2025 / қабылданған күні 30.09.2025

монолог, психологизм, метафора мен символика сынды көркемдік құралдармен қатар әдеби теориялық талдаулар жасалынды.

Кілт сөздер: психологизм, философия, көркем диалог, уақыт пен кеңістік, модернистік бағыт, символизм.

S.K. Syzdykov¹, B.T. Tleubekova², A.D. Ibraeva³

¹PhD, Senior Lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: sake.sakebaev@mail.ru

²Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: biko.1972@mail.ru

³Candidate of Philological Sciences, Acting Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan, Almaty), e-mail: ibraevaiazat@mail.ru

The Manifestation of Prose in the Independence Period: The Artistic Features of B. Sarybai's Works

Abstract. This article explores the development trends of Kazakh prose during the period of independence, based on Beibit Sarybay's short stories "*Rauğash erte gūldeidi*" ("Rhubarb Blooms Early"), "*Meirim*" ("Compassion"), and "*Öliara*" ("Interseason"). The spiritual values depicted in the author's works, the deep psychological layers of human nature, and the relationship between society and the individual are examined from an artistic perspective. Through his narratives, the writer skillfully conveys the social, moral, and philosophical issues of Kazakh society in the independence era, while expressing the national worldview and the spirit of the times through artistic imagery.

The central character analyzed in this article is Rauğash – a delicate, introspective, and life-loving individual in constant spiritual search – who frequently appears in Sarybay's creative universe. The inner struggle of Rauğash is portrayed as a dual conflict: the effort to preserve hope in one's life and the resistance against external pressures. In "*Meirim*", the character Ūlan embodies an existential image. Through Ūlan, the writer addresses vanishing spiritual purity and core human values such as compassion and forgiveness in today's society. The author seeks not only to depict the outward behaviors of people but also to delve into their inner world, sorrows, longing, and lost warmth. This reveals the protagonist's spiritual purity and the author's artistic integrity.

In addition, the environment surrounding Almat in the story "*Öliara*" – his parents' expectations, the pressure from teachers, and society's insistence on success – presents the Unified National Testing (UNT) not merely as an academic challenge but as the sole path to life and the future. This becomes a socio-cultural detail. The writer thus implies that children today are viewed not as individuals, but as tools for achieving results. The article analyzes the system of characters, inner monologue, psychological depth (psychologism), metaphor, and symbolism, incorporating elements of literary theory.

Keywords: psychologism, philosophy, artistic dialogue, time and space, modernist trend, symbolism.

С.К. Сыздыков¹, Б.Т. Тлеубекова², А.Д. Ибраева³

¹PhD, старший преподаватель, Казахский национальный педагогический университет им. Абая
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: sake.sakebaev@mail.ru

²кандидат филологических наук, старший преподаватель, Казахский национальный педагогический университет им. Абая (Казахстан, г. Алматы), e-mail: biko.1972@mail.ru

³кандидат филологических наук, и.о. ассоциированного профессора, Казахский национальный педагогический университет им. Абая (Казахстан, г. Алматы), e-mail: ibraevaiazat@mail.ru

**Проявление прозы в период независимости:
художественные особенности произведений Б. Сарыбая**

Аннотация. В данной статье рассматриваются направления развития казахской прозы в период независимости на основе рассказов Бейбита Сарыбая «Рауғаш ерте гүлдейді», «Мейірім», «Өліара». В художественном аспекте анализируются духовные ценности, психологические глубины человеческой сущности, а также взаимосвязь между обществом и личностью, отражённые в произведениях писателя. Автор мастерски передаёт социальные, моральные и философские проблемы казахского общества эпохи независимости, раскрывая национальное мировоззрение и дух времени через художественные образы.

Главный герой – Рауғаш, рассматриваемый в статье, является типичным образом в творчестве писателя: тонкая, глубокомысленная, жаждущая жизни личность, находящаяся в постоянном духовном поиске. Внутренний конфликт Рауғаш ярко выражает стремление с одной стороны сохранить надежду на собственную жизнь, а с другой – противостоять внешним препятствиям. Образ Ұлана из рассказа «Мейірім» носит экзистенциальный характер. Через образ Ұлана автор поднимает тему утрачиваемых в современном обществе духовных ценностей, таких как милосердие, сострадание и прощение –. Писатель стремится передать не только внешние черты окружающих персонажей, но и их внутренний мир, страдания, тоску и утраченное тепло. Это отражает чистоту его духовного мира и верность искусству.

Окружение Алматы в рассказе «Өліара» – ожидания родителей, давление со стороны учителей, навязываемая обществом необходимость быть успешным – подталкивают героя воспринимать ЕНТ не просто как экзамен, а как единственный путь в жизни и будущее. Это выступает как социокультурная деталь. Таким образом, автор указывает на то, что в современном обществе ребёнка воспринимают не как личность, а как средство достижения результата. В статье проведён литературно-теоретический анализ, включающий систему персонажей, внутренний монолог, психологизм, метафору и символику как художественные приёмы.

Ключевые слова: психологизм, философия, художественный диалог, время и пространство, модернистское направление, символизм.

Кіріспе

Қазақ прозасы тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа бағыт, жаңа сапа, тың көркемдік ізденістерге бет бұрды. Бұл кезеңде адамның ішкі әлеміне терең бойлау, рухани күйзеліс, қоғам мен адам арасындағы қарым-қатынасты жаңаша пайымдау — прозаның жетекші үрдісіне айналды.

Бейбіт Сарыбайдың «Рауғаш ерте гүлдейді», «Мейірім», «Өліара» әңгімелері – бүгінгі қазақ прозасындағы философиялық, психологиялық, символдық бағыттардың үйлесімін көрсететін көркем шығармаларының әрқайсысы белгілі бір эстетикалық тұжырымға негізделген, ал көркемдік әлемінде жазушы өзіне тән авторлық ұстаныммен ерекшеленеді.

Әдеби теория тұрғысынан қарағанда, жазушы шығармаларында М.М. Бахтиннің «полифониялық мәтін» теориясына тән сипаттар көрінеді: әр кейіпкердің өз үні, өз шындығы бар. Бұл – автор мен кейіпкердің бір-бірінен бөлінуін, оқырманның кейіпкермен тікелей араласуын қамтамасыз ететін тәсіл. Мәселен, «Өліара» әңгімесінде басты кейіпкердің жан күйзелісі мен уақыт арасындағы күрделі байланыс – ішкі монолог пен символдық кеңістік арқылы жеткізіледі. Бұл тәсіл Ю.Н. Тыняновтың «әдеби форма – өмірлік құбылыстың белгісі» деген тұжырымымен үндес. Ал Бертольт Брехттің «отстранение» (отчуждение) теориясы Бейбіт Сарыбай прозасында авторлық баяндау мен кейіпкер арасындағы

арақашықтықтан байқалады. Жазушы оқырманды кейіпкерге жақындата отырып, сол арқылы оны ойлануға, сезінуге итермелейді, бірақ артық патетикадан аулақ. «Мейірім» әңгімесіндегі этикалық-философиялық ой ағымдары Ахмет Байтұрсынұлының «әдебиет – адамның ішкі әлемін тәрбиелеудің құралы» деген ойымен үндеседі. Бұл шығармада адам бойындағы ұмыт қалған қасиет – мейірімділік арқылы жалпы адамзаттық құндылықтар алдыңғы қатарға шығады. «Рауғаш ерте гүлдейді» әңгімесінде табиғат бейнесі мен кейіпкер күйзелісі бір-бірімен қабаттаса өріліп, А.М. Зелинскийдің «табиғат – рухани күйдің көркемдік бейнесі» деген идеясын еске салады. Мұндағы табиғат символ ретінде емес, кейіпкердің рухани әлемін ашатын ішкі айна қызметін атқарады.

Жазушы шығармаларында символизм мен метафоралық стиль кеңінен орын алған. Әңгіме атауларының өзінде символдық мән бар: «Өліара» – өтпелі кезең, дағдарыс сәті; «Мейірім» – адамзатқа ортақ гуманистік құндылық; «Рауғаш ерте гүлдейді» – үміт пен өміршендіктің символы. Бұл тұста Шкловскийдің «остранение» теориясы да орын алады: күнделікті құбылысты тосын етіп көрсету арқылы оқырманның назарын жаңаша қабылдауға бағыттайды.

Бейбіт Сарыбай прозасындағы көркемдік әлем – ұлттық дәстүр мен заманауи әлемдік әдебиеттану тенденцияларының тоғысқан тұсы. Ол ұлттық рухты жоғалтпай, жаһандық мазмұнды меңгере білген жазушы ретінде тәуелсіздік кезеңі әдебиетінің келбетін айқындауға үлес қосып отыр. Кейіпкерлері – біздің замандастарымыз, олардың ізденісі — бүгінгі қоғамдағы рухани ізденістің көрінісі.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Ғылыми мақалада тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының даму бағыттары мен көркемдік-эстетикалық ерекшеліктері талданады. Зерттеу материалы ретінде қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Бейбіт Сарыбайдың «Рауғаш ерте гүлдейді», «Мейірім», «Өліара» атты әңгімелері алынды. Бұл шығармаларда қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтар, әлеуметтік-психологиялық мәселелер, адам мен табиғаттың, адам мен қоғамның арақатынасы, өмір мен өлім философиясы сынды терең тақырыптар көркемдік тұрғыдан бейнеленген. Әңгімелердегі авторлық ұстаным, символдық бейнелер жүйесі мен баяндау тәсілдері қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістерді айқындайды. Сондықтан да бұл шығармалар зерттеу нысаны ретінде алынып, көркемдік және идеялық тұрғыдан жан-жақты талданды.

Зерттеу барысында герменевтикалық әдіс, мәтіндік талдау, салыстыру және жүйелеу әдістерімен қатар, құрылымдық-мәтіндік талдау әдістері қолданылды. Әдеби мәтіндегі тақырып пен идея, композициялық құрылым, кейіпкерлер жүйесі мен психологиялық бейнелеу тәсілдері талданып, жазушының көркемдік әлемі мен стильдік ерекшеліктері ғылыми негізде қарастырылды. Сонымен қатар, зерттеу барысында отандық әдебиеттану ғылымындағы қазіргі прозаға қатысты ғылыми еңбектер мен теориялық тұжырымдар, атап айтқанда, М. Әуезов, З. Қабдолов, Р. Нұрғали, Қ. Ергөбек, Б. Майтанов, А. Еспенбетов, Б. Әбдіғазизұлы және басқа да зерттеушілердің еңбектері басшылыққа алынды. Бұл еңбектер қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік бағыттар мен жаңашылдық үрдістерді түсінуге негіз болды.

Осы әдістер мен материалдар арқылы тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының жаңа мазмұндық сипаты мен көркемдік-эстетикалық өлшемдері айқындалып, Бейбіт Сарыбай шығармашылығы мысалында жан-жақты талдау жүргізілді. Бұл ғылыми мақалада Бейбіт Сарыбай прозасының өзіндік ерекшеліктері қарастырылады.

Талдау мен нәтижелер

Қазақ әдебиетінде әңгіме жанры Бейімбет Майлиннен бастау алып, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов секілді ірі қаламгерлердің

шығармашылығында жалғасын тапты. Өртүрлі кезеңдердегі әңгімелер қазақ әдебиетінде жанрдың үздік үлгілерін қалыптастырды. Адамзаттың асыл және пасық қасиеттерін шоғырландырған проза жанры уақыт өте келе Оралхан Бөкей, Бердібек Соқпақбаев, Әбдіжәміл Таразин, Төлен Әбдік, Мұхтар Мағауин, Мархабат Байғұт сынды қаламгерлерді дүниеге әкелді. Әр жазушының өз қолтаңбасы мен жазу стиліне тән ерекшеліктері бар.

Қазіргі әдебиетте бұл жанрды жалғастырушы жас қаламгерлер қатарында Мәдина Омарова, Лира Қоныс, Мақсат Мәлік, Дархан Бейсенбек, Бейбіт Сарыбай және тағы басқа жазушыларды атап өтуге болады. Олар қоғам өміріне жан бітіріп, ұлттық әдебиетті замандас бейнесімен байытып, бүгінгі күннің әлеуметтік мәселелерін көркемдік тұрғыда көрсетіп жүр.

Бейбіт Сарыбай – қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілдерінің бірі, әсіресе юморлық әңгіме жанрында шығармашылық белсенділік танытқан жас жазушы. Ол әдеби жолын өлең жазудан бастағанымен, оның көркемдік әлеуеті әсіресе прозада айқын көрініс табады. Қаламгер терең философиялық мәселелерді жеңіл, әзіл-қалжыңмен астарлап жеткізу шеберлігімен дараланады. Бұл оның әдеби тәсілінің ерекше сипаттарын қалыптастырады, онда күлкі мен терең ой бір-бірімен үндесіп, оқырманның жүрегіне жол табады.

Қ. Мәдібаева: «Автордың пікірінше, адам – ғажайып құбылыстардың иесі, оның ішкі әлемі мен мінезі көпқабатты, жұмбақ және түсінуге қиын. Осы орайда жазушының мақсаты – осы күрделі құпияларды ашу және адам жанының терең қабаттарын көркемдік құралдар арқылы ұғындыру». Бұл үдеріс әдебиеттің негізгі табиғатын құрайды, себебі жазушы өз туындысында оқырманды адамның ішкі әлеміне тереңірек үңілуге шақырады [1, 106-б.].

Бейбіт Сарыбай «Рауғаш ерте гүлдейді» әңгімесінде диалогтар арқылы кейіпкерлер мінезінің күрделі және қайшылықты жақтарын терең суреттейді.

Бейбіт Сарыбайдың «Рауғаш ерте гүлдейді» әңгімесі мектеп жасындағы кішкентай қыз бен студент жігіт арасындағы диалогқа негізделген. «Рауғаш ерте гүлдейді» повесті былай деп басталады: «Университет алдындағы аялдамада шын мәнінде көп адам жиналған екен. Жарты сағаттан астам уақыттан асып барып, құдайға қараған бір көлік келіп тоқтады-ау әйтеуір. Сол жиырма адамдық шағын ғана автобуска мен де жанталаса қырық тоғызыншы болып еніп үлгердім. Елдің өзі бір аяғын қоюға орын таппай тұрғанда, бір кесір жолдас «отыратын орын жоқ екен, иә» деп қинала ренішін білдірді.» [2, 7-б.].

Берілген фрагменттегі «университет алдындағы аялдама» – бұл әлеуметтік шиеленістің символы ретіндегі хронотоптық модель. «Автобус» – мәдениет пен қоғамның микромоделі. Жолаушының «отыратын орын жоқ екен, иә» деген реніші – колониалдық өткеннің ықпалынан босаған қоғамның жаңа шындықпен бетпе-бет келуіндегі қайшылықтарды автор, индивидуум мен ұжымдық идентитет арасындағы келіспеушілікті көрсетеді. «Автобуска мен де жанталаса қырық тоғызыншы болып еніп үлгердім» бұл мотив постмодернистік әдебиеттегі «массадағы жеке тұлғаның жоғалуына» (В. Беньямин, Ж. Бодрийяр) жақын, бірақ автор оны ұлттық контекстпен (урбанизация) байланыстырады. Ф. Фанонның деколонизация теориясы бойынша, «автобустағы орын таппау» – жаңа еркіндікке ие болған қоғамның әлі де ескі құрылымдардың ықпалында екенін көрсетеді.

Осыған сәйкес ғалым А. Глушко былай дейді: «Адамның қоршаған ортамен тамырластығының көп қырлы байланысын ашуға деген ұмтылыс, тұлға қалыптасуының өзіндік заңдылықтарын игрудегі ыждахат, замандастың рухани әлеміне бойлаудағы көркемдік таным туынды мазмұнын салмақтандыра түседі...» [3, 214-б.].

Жазушының шығармасының әрбір деталі терең мағына мен ойды жеткізеді. Студенттің аяқ қояр жер таппай тұрған сәттегі оқушы қызбен диалогы әңгімеге ерекше қызу беріп, екеуінің арасындағы қақтығыс пен кереғар құбылыстар олардың үйлеспейтін мінездерін одан әрі жандандыра түседі.

«– Папаң қайда жұмыс істейді?

– Сіз менің сөздеріме қарап, үлкен қызметкердің қызы екен деп ойлап тұрған шығарсыз. Жок, мүлде олай емес. Егер солай деп ойласаңыз, қателесесіз. Папам автобус айдайды. Ал мамам – сол автобуста кондуктор. Таңғысын біз ұйықтап жатқанда кетеді де, түнде біз ұйықтап жатқанда келеді. Бір-бірімізді көп көре бермейміз. Өзіміз өсіп жатырмыз» [2, 8-б.].

Автор диалог арқылы еңбек жағдайлары мен отбасылық құндылықтар арасындағы қайшылықты әшкерелейді. Ата-аналардың жұмыс кестесі – отбасылық уақыттың фрагментациясын көрсетеді яғни, еңбек пен отбасы арасындағы үзілісті символдайды. Осы орайда әдебиеттанушы Т. Рақымжанов көркем прозадағы психологизм ұғымын түсіндіре келе: «Психология – адам жаны туралы ғылым болса, ал көркем шығармадағы психологизм кейіпкердің өмірдегі, қоғамдағы және тұрмыстағы жағдайлармен тығыз байланыста бола отырып, оның ішкі драмасын, қарама-қайшылықтарын, сезім күйі мен ой-толғанысын ашып көрсетеді» [4, 3-б.] – деп атап өтеді. Мұнда ата-ананың перзенттеріне уақыт бөле алмауы, отбасылық жылулықтың жетіспеушілігі – қазіргі урбанизацияланған қоғамның өзекті проблемаларының бірі ретінде суреттейді. «Рауғаш ерте гүлдейді» әңгімесінде автордың таңдаған стиль (ирония, гипербола, автобиографиялық элементтер) әлеуметтік сынды психологиялық тереңдікпен үйлестіреді.

Қазақ прозасында адам болмысына, оның рухани әлеміне үңілу – XX ғасырдың екінші жартысынан бастап тереңдей түскен үрдіс. Бұл үрдіс Төлен Әбдіков, Дулат Исабеков, Сайын Мұратбеков сынды қаламгерлер шығармашылығында айқын байқалады. Сол көркемдік дәстүрді жалғастырған қазіргі заман қаламгерлерінің бірі – Бейбіт Сарыбай. Оның «Мейірім» әңгімесі бүгінгі қоғамда сиреп бара жатқан мейірім, кешірім, рухани тазалық мәселелерін көтереді.

Шығарманың басты тақырыбы – адам жанының нәзік иірімдері, кешірім мен мейірім ұғымдары. Автор мейірімділік пен адамгершілік қасиеттердің қоғамда сиреп бара жатқанын, соның салдарынан рухани дағдарысқа ұшыраған кейіпкердің жан арпалысын көрсетеді. Идеясы – адам жанын тазартып, шынайы бақытқа жеткізетін бір ғана жол – кешірім мен ішкі мейірімде. Шығармада кейіпкерлер саны аз, алайда олардың әрқайсысының образы терең әрі шынайы ашылған. Бас кейіпкер – рухани ізденіс үстіндегі жас зиялы. Ол ішкі қайшылықтарға толы, күрделі тұлға. Автор оның жан-дүниесіндегі өзгерісті көрсету арқылы оқырманды ойландырады. В. Ковалев Толстой шығармашылығындағы мінез сомдаудың ерекшеліктеріне тоқтала отырып, адам санасының терең иірімдеріндегі сезім күйі мен жан толқынысындағы қайшылықтарды көркемдік биігінде көрсету үшін шеберліктің аса қажет екенін атап өтеді [5, 132-б.].

Мәселен, «Ұлан» туралы ойланғанда: «Расында ол қатігез бе? Мүлде қате пікір. Қай ортада жүрсе де ашық-жарқын мінезінен айныған емес. Бірақ балажандығын байқамаппын. Қалтасындағы тәттісін де өзі емес, маған бергізетін. Түк түсінбей, басымды шайқайтынмын. Өзің берсең, қолың сынып қала ма? - деймін. Ол болса: - Сен-ақ жақсы кісі болшы дейтін. Бала десе, жыным бар тағы дейтін. Неге екенін білмеймін, сәбилерге суық қарайтын мінезі де бар» [2, 34-б.]. Бұл үзінді – Бейбіт Сарыбайдың «Мейірім» әңгімесіндегі Ұлан бейнесін ашатын маңызды эпизод. Берілген үзінді – кейіпкер бейнесін ашудағы көркемдік тәсілдердің, әсіресе психологизм, ішкі монолог, контраст және жанама мінездеудің шебер қолданысын дәлелдейтін мысал. Кейіпкердің тұлғасы тікелей сипаттаудан гөрі оның әрекеттері, сөйлеу мәнері, айналадағы адамдардың оған берген бағасы арқылы ашылады. Бұл – психологизмнің көркемдік тәсілі. Мәтіндегі ішкі сұрақтар, таңдану, еске түсіру – кейіпкердің күрделі болмысын ашуға мүмкіндік береді.

«Қалтасындағы тәттісін де өзі емес, маған бергізетін. Мұнда Ұланның сырттай салқын, бірақ ішкі жылуы бар адам екенін байқатады. «Түк түсінбей, басымды шайқайтынмын. Өзің берсең, қолың сынып қала ма? – деймін...» Бұл ішкі монологта

авторлық емес, баяндаушының ішкі диалогы көрінеді. Бұл әдіс арқылы оқырман Ұланға деген көзқарасты біртіндеп өзгертіп, оны түсіне бастайды.

Психологиялық талдаудың маңызды компоненті – ішкі монолог. Ғалым Г. Пірәлиева: «Ішкі монологтың негізгі бір формуласы – қаһарманның іштей толғанысқа түсуі. Мұнда монологқа қатысты суреттемелер мен диалогтар кірмейді. Басты кейіпкер өз ой-дүниесінде шомылғанымен, оны басқа адаммен бөлісе алмайтындығында. Ол кейіпкердің жүрек түбіндегі құпия сыр. Оны тек автор мен оқырман ғана түсінеді» [6, 101-б.] – деп жазады.

«Сен-ақ жақсы кісі болшы...»

«Бала десе, жыным бар тағы...»

Бұл сөйлемдер кейіпкердің өз сөзі арқылы оның мінез-құлқын, ішкі қайшылығын көрсете алады. Қарапайым сөйлемдер – терең ойды білдіреді, бұл автор стилінің ерекшелігі. Берілген үзінді – кейіпкер бейнесін ашудағы көркемдік тәсілдердің, әсіресе психологизм, ішкі монолог, контраст және жанама мінездеудің шебер қолданысын дәлелдейтін мысал. Бейбіт Сарыбай адам болмысын астарлап, әрекет пен сөз арқылы ашуға ұмтылатын заманауи жазушылар қатарына жатады. Ұлан бейнесі – күрделі, қайшылықты, бірақ өміршең бейне. Оның мейірімі – айқайлап айтатын емес, іштей сезінетін құбылыс.

«Ертеңгі күні бұл сурет көрмеге қойылатын болды. Сол кезде әр суретке немқұрайды қарап келе жатқан жұрт осы шығармаға аңтарылады. Бәрі де көреді, қызығады. Әркімде әрқандай ой пайда болады. Біреулер тек қызығып, жаратылысқа таңданып, сұлулыққа сүйсініп, ләззаттанады, рахаттанады. Табынады. Сұлулықтың алдында әлсіз екендерін мойындайды. Түптің түбінде жоғалатынын еске алады. Айуандыққа салынған қолдың бүлдіретіндігін, бүлдірмеген күннің өзінде бұл сұлулықтың ескіріп, өз-өзінен бүлінетінін ойлайды. Бұл бұлжымайтын заң. Осы суретке қараған бір топтың өкілдері оны әлдекімнен қызғанады. Белгісіз бір зобыр күштен қорғағысы келеді. Аяушылықпен қарайды» [2, 35-б.]. Автор бұл үзіндіде ішкі монолог тәсілін қолдана отырып, кейіпкердің ішкі сезімін, болашаққа деген үмітін, өз туындысына сенімін және бір мезеттегі алаңдаушылығын шебер суреттейді.

Бұл – нағыз психологиялық прозаның көрінісі. Ол өз портретіне бір көрерменнің қалай қарайтынын елестете отырып, жүздеген адамның рухани реакциясын жобалайды. Бұл – көркем қиял мен интуицияның күші.

Бұл үзінді Бейбіт Сарыбайдың прозасына тән – философиялық тереңдік, адам болмысын ашуға деген ұмтылыс пен нәзік көркемдік тәсілдердің тоғысын көрсетеді. Шығармада өнер иесінің ішкі әлемі арқылы адам мен сұлулық, уақыт пен тозу, рухани шындық пен көркем бейне мәселесі терең пайымдалады. Бұл – қазіргі қазақ прозасындағы эстетикалық және рухани ізденістің көрінісі. Осындай ұтымды көркемдік тәсілдер туралы Н. Портнова былай дейді: «Әдебиеттегі тартыс пен авторлық шешім, кейіпкерлердің мінез-құлқы және шиыршық оқиғалар, сондай-ақ әдеби даму ерекшеліктері мен оқырман қабылдауының әсері, суреттеліп отырған көркем әлемді түйсінген кезде тосын жағдайларға әкеп соғатыны айқын» [7, 91-б.].

Негізі, Бейбіттің шығармаларымен XIX ғасырдағы ағылшын жазушысы Оскар Уайльдтың «Дориан Грейдің портреті» (1891 ж.) шығармасында да осындай ұқсас элементтер байқалады. Шығармада суретші бейнелеген кейіпкердің жаны портретке көшіп, сурет иесімен бірге қартаяды. Кейіпкердің жасаған күнәсы мен жаман істерінің іздері портрет бетінде айқын көрініс табады [8, 17-б.]. Екі шығармада да портрет – жай сурет емес, адам рухының айнасы, ішкі әлемнің бейнесі. Бірақ, Бейбіт Сарыбайда портрет үміт пен мейірімге, рухани ізгілікке жол ашса, Оскар Уайльдта портрет құлдырау мен өзін-өзі жоюдың белгісіне айналады.

Әңгіменің ең мейірімді тұсы – кейіпкер Ұланның соңғы ақшасын бұрынғы досының еміне беруі. Бұл әрекет – сырттай қарапайым көрінгенімен, ішкі рухани өзгерістің, адамдық кемелденудің символы.

«Мейірімділік тек жақындардан емес, жанашыр достан да күтілмейтін үлкен іс болуы мүмкін» – деген ой әңгіменің өзегіне айналған. Бұл сәт – кейіпкердің бұрынғы селқостығын жуып-шайған, оның жүрегінде орын алған өзгерістің көрінісі. Ұланның осы шешімі – тек достық емес, кешірім мен өзін-өзі қайта табудың жолы. Жазушы мейірімділікті абстрактілі түсінік емес, нақты әрекет арқылы дәлелдейді.

«Қаламгердің шығармашылық ерекшелігі оның табиғи талантымен, қоғамдық болмысымен тығыз байланыста дамып отырады. Осы тұрғыдан келсек, шығармаға ерекше өң беретін факторлар – суреткер қолтаңбасындағы өзіндік ерекшелік, жанрлық талғамы, шығармашылық мақсаты, пафосы, көркемдік әдісі мен стилі және оқырманның талғамын ескеруінде. Осылардың барлығы жазушының бірегейлігін қалыптастырмақ» [9, 117-б.].

Әлеуметтік шындықты көркемдік шындыққа айналдыра білетін Бейбіт Сарыбайдың шеберлігін көрсететін шығармаларының бірі – «Өліара» әңгімесі.

«Өліара» – халықтық танымда екі мезгілдің – ескі мен жаңаның, өткен мен болашақтың, үміт пен күмәннің тоғысатын, табиғат пен адам өміріндегі өтпелі, қиын кезеңді білдіреді. Бұл ұғымды әдебиетке арқау еткен жазушылардың бірі – Төлен Әбдік болса, енді бірі – Сәкен Жүнісов, ал бүгінгі прозада осы атауды жаңаша мазмұнда қолданып отырған жазушы – Бейбіт Сарыбай.

Қаламгердің «Өліара» әңгімесінде бұл ұғым табиғи-климаттық ұғымнан гөрі рухани-психологиялық жағдаймен байланыстырыла берілген. Шығармада жасөспірім кейіпкер Алматының ішкі жан дүниесі мен сыртқы орта арасындағы күрделі қарым-қатынас арқылы өтпелі кезең – өліара сәт көркемдік нысанаға алынған. «Көркем шығарманың танымдық сипаты мен әлеуеті көптеген аспектілерге ықпал етеді. Жазушының дүниетанымында замана келбеті, дәстүр сипаттары, деректер мәні, сюжет барысы және образдар әлемі сияқты элементтердің танымдық маңызы әртүрлі бола тұра, олардың арасындағы байланыстардың танымдық қызметі ортақ болып табылары анық» [10, 153-б.].

Шығарма қазіргі қоғамдағы маңызды әлеуметтік мәселе – Ұлттық бірыңғай тестілеу төңірегіндегі психологиялық қысымды көтереді. Автор бұл жүйенің жасөспірім психологиясына, отбасы ішіндегі қарым-қатынасқа қалай әсер ететінін шынайы суреттейді. Идеялық тұрғыдан, әңгіме үміт, сенім, отбасы қолдауы сияқты құндылықтарды алға тартады. Бас кейіпкер – Алмат. Ол – бүгінгі қазақ қоғамындағы мыңдаған жасөспірімнің жиынтық бейнесі. Кейіпкердің әрекеті, сөйлеу тілі, ішкі ойы – барлығы реалистік әдіспен жасалған. Оның күлкілі де, аянышты да сәттері оқырманға жақын, шынайы әсер қалдырады. Алмат – арманшыл, сенгіш, кейде аңғал, бірақ ішкі әлемі бай жас кейіпкер. Бейбіт Сарыбай бұл әңгімеде де көркем шеберлігін таныта білген. Ең басты ерекшелігі – юмор мен иронияны орынды қолдану. Әңгіме жеңіл оқылады, бірақ ішінде ащы шындық, ауыр психологиялық салмақ бар.

«– Қорықпаңдар. Білетін сұрақтарым келіпті. Түсіп кететін шығармын, – дедім.

– Сен де бірнәрсе білуші ма едің? – деді әпкем таң қалып.

– Білмегенде ше, ертең көресің, – дедім мен маңғазданып. Ағам болса:

– Айналайын, айды аспанға шығармай-ақ, қырық бал жинасаң жетеді, соған ырза болайық. Ең болмағанда ақылы оқуға ілігерсің, – деді» [2, 35-б.]. Алмат – жас, үміт пен арман жетегіндегі бозбала. Бірақ оған үлкен өмірдің шындығы – ҰБТ, қоғам талабы, ата-ана үміті мен күмәні, өзі сенетін үміт пен ішкі уайым қатар әсер етіп жатыр. Осы өтпелі шақ – рухани өліара ретінде бейнеленеді.

Символдық мазмұн мен әлеуметтік-рухани астары:

«– Сен де бір нәрсе білуші ма едің? – деді әпкем таң қалып...» Бұл сөйлем – айналасындағы адамдардың оның біліміне деген күмәнін көрсетеді. Бірақ сонымен қатар үміт те жоқ емес. Аға мен әпкенің сөзі – қоғамның бейнесі. Ағасының «Қырық бал жинасаң да жетеді» дегені – қазіргі таңда жастардан үлкен нәтиже күтпейтін, тек ақылы оқу үшін ғана «күрес» жүргізетін қоғамның психологиясын сипаттайды. Бұл реплика арқылы жазушы оқушыны кінәламай, керісінше, оны сол жүйеге байлап қойған ортаны бейнелейді.

«Осы сәтте екі достың жолы екіге айрылады. Бұл тек екі достың ғана емес, мектеп бітіруші түлектердің, әсіресе, Алматының жолы [2, 36-б.]. Бұл бір ғана сәт – екі дос жолының айырылуы – бүкіл шығарманың философиялық тұжырымын беретін, кейіпкердің ішкі дамуын білдіретін көркемдік түйін. «Жолдың айырылуы» – өліараның шешуші сәті, яғни өмірдегі таңдау мезеті. Алматы сол сәтте шешімді өзі қабылдауы керек, бұл – есеюдің белгісі. Қаламгер әңгімесіндегі бұл сәтті кейіпкердің ішкі әлемінің күрделілігі мен қоғамдық жағдайдың оның өміріне тигізетін әсерін көрсететін көркемдік құрал ретінде тиімді қолданылған.

Қорытынды

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының көркемдік ізденістері мен бағыттары қоғамда орын алған әлеуметтік-рухани өзгерістермен тығыз байланысты өрбіді. Бұл үрдіс Бейбіт Сарыбайдың «Рауғаш ерте гүлдейді», «Мейірім», «Өліара» атты әңгімелері арқылы айқын көрініс табады. Жазушының шығармаларында адам болмысының ішкі иірімдері, рухани ізденіс пен моральдық ұстанымдар терең психологизммен бейнеленеді. Ол әр кейіпкердің ішкі жан әлеміне үңіле отырып, қоғам мен тұлға арасындағы күрделі байланысты ашуға ұмтылады.

Атап айтқанда, «Рауғаш ерте гүлдейді» әңгімесіндегі Рауғаш бейнесі арқылы адамның үміт пен сенімге деген іштей талпынысы суреттелсе, «Мейірім» әңгімесінде Ұланның экзистенциалдық күйзелістері арқылы рухани тазару, кешірім мен мейірім сынды құндылықтардың маңызы ашылады. Ал «Өліара» әңгімесінде баланың өмірлік бағыты мен болашағы қоғам тарапынан қалайша алдын ала бағдарланып, оның жеке тұлға ретіндегі еркіндігіне шектеу қойылатыны көркемдік құралдар арқылы бейнеленеді.

Бейбіт Сарыбай прозасындағы көркемдік ерекшеліктер – ішкі монолог, психологизм, символика, уақыт пен кеңістік ұғымдарының берілуі – қазіргі қазақ әдебиетінің жаңаша бағытта дамып келе жатқанын көрсетеді. Бұл шығармалар тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық рух, заман тынысы мен адам болмысы арасындағы үйлесімді байланысты бейнелеу арқылы қазақ прозасының көркемдік көкжиегін кеңейтеді. Сонымен қатар, автордың адам жанына үңілу, өмір шындығын терең пайымдау қабілеті оның туындыларын бүгінгі әдеби кеңістікте айрықша құбылыс ретінде танытады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мәдібай Қ.Қ. Көркемдік кеңістігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 215 б.
2. Сарыбай Б. Рауғаш ерте гүлдейді. – Алматы: Жалын, 2009. – 160 б.
3. Глушко А. Требование времени и возможности жанра: проблемы рассказа // В кн.: Методологические проблемы советской литературной критики. – М.: Мысль, 1976. – С. 206-217.
4. Рақымжанов Т. Қазақ прозасындағы психологизм. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2016. – 160 б.
5. Ковалев Вл.А. О стиле художественной прозы Л.Н. Толстого. – М.: Изд. Моск. Ун-та., 1960. – 63 с.
6. Пірәлиева Г. Ішкі монолог. – Алматы: «Ер-Дәулет-Қазақстан» 1994. – 200 б.
7. Портнова Н.А. К проблеме парадоксальности стиля Достоевского. // В кн.: Достоевский. Материалы и исследования. Т.7. – Ленинград: «Наука», 1987. – 293 с.

8. Тоқсамбаева А.О. Мұхтар Мағауин шығармаларының көркемдік-эстетикалық танымы // «Қазақ әдебиеті». Жинақ. – 2005. – №4. – Б. 36–42.
9. Таборисская Е., Штейнгольд А. Творческая индивидуальность писателя // В кн.: Пути анализа литературного произведения. – М.: Просвещение, 1981. – С. 50–71.
10. Тұңғышбаева Ғ.Ж., Қожахметова Ғ.Б. Эпикалық жанрлар табиғаты // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2017. – №2 (166). – Б. 124–129.

REFERENCES

1. Madibai Q.Q. Korkemdik kenistigi [The Artistic Space]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2014. – 215 b. [in Kazakh]
2. Sarybai B. Raugash erte guldeidi [Rhubarb Blooms Early]. – Almaty: Zhaly, 2009. – 160 b. [in Kazakh]
3. Glushko A. Trebovanie vremeni i vozmozhnosti zhanra: problemy rasskaza // V kn.: Metodologicheskie problemy sovetskoi literaturnoi kritiki [The Demand of the Time and the Possibilities of the Genre: Problems of the Short Story // In: Methodological Problems of Soviet Literary Criticism]. – M.: Mysl, 1976. – S. 206–217. [in Russian]
4. Raqymzhanov T. Qazaq prozasyndagy psihologizm [Psychologism in Kazakh Prose]. – Almaty: Abai atyndagy QazUPU, 2016. – 160 b. [in Kazakh]
5. Kovalev V.I. O stile hudozhestvennoi prozy L.N. Tolstogo [On the Style of Leo Tolstoy's Artistic Prose]. – M.: Izd. Mosk. Un-ta., 1960. – 63 s. [in Russian]
6. Piralieva G. Ishki monolog [The Inner Monologue]. – Almaty: «Er–Daulet–Qazaqstan» 1994. – 200 b. [in Kazakh]
7. Portnova N.A. K probleme paradoksalnosti stilia Dostoevskogo. // V kn.: Dostoevskiy. Materialy i issledovaniya. T.7. [On the Problem of the Paradoxical Style of Dostoevsky // In: Dostoevsky: Materials and Research. Vol. 7.]. – Leningrad: «Nauka», 1987. – 293 s. [in Russian]
8. Toqsambaeva A.O. Muhtar Magauin shygarmalarynyn korkemdik-estetikalyq tanymy [The Artistic-Aesthetic Perception in the Works of Mukhtar Magauin] // «Qazaq adebiyeti». Zhinaq. – 2005. – №4. – B. 36–42. [in Kazakh]
9. Taborisskaia E., Shteingold A. Tvorcheskaiia individualnost pisatel'ia // V kn.: Puti analiza literaturnogo proizvedeniia [The Creative Individuality of the Writer // In: Ways of Analyzing a Literary Work]. – M.: Prosveshchenie, 1981. – S. 50–71. [in Russian]
10. Tungyshbaeva G.Zh., Qozhahmetova F.B. Epikalyq zhanrlar tabigaty [The Nature of Epic Genres] // QazUU habarshysy. Filologiya seriasy. – 2017. – №2 (166). – B. 124–129. [in Kazakh]